


А.Қ. Шарипов

АУДИТ

Оқу құралы



Алматы
2010



УДК 657(075)
ББК 65.053я7
Ш34

Пікір жазғандар: **Блеутаева К.Б.** – э.ғ.д., профессор;
Сигарев М.И. – э.ғ.д., профессор;
Жұмағалиева Ж.Г. – э.ғ.к., доцент.

ҚР жоғары оқу орындарының «Әлеуметтік ғылымдар және бизнес» мамандығы топтары бойынша Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дің ОӘС кеңесі ұсынған.

Шарипов А.К.
Ш34 Аудит: Оқу құралы. / Шарипов А.К. – Алматы: Экономика, 2010. – 288 бет.

ISBN 978-601-225-151-7

Бұл оқу құралында аудиттің мәні, мақсаты және түрлері белгіленіп, оның әр саласына анықтама берілген. Аудит Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қаржылық есептілікті жасау және өзге де ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатымен тексеру жүргізу үдерісі ретінде айқындалады.

Аталмыш кітап экономикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Аудит» пәнінің типтік бағдарламасына сәйкес жазылған және кәсіби біліктілігін арттырғысы келетін мамандарға да пайдалы болу үшін нақты аудиторлық тексеру процедураларымен, есептермен және дұрыс жауабы берілген тест сұрақтарымен толықтырылған.

УДК 657(075)
ББК 65.053я7

© Шарипов А.К., 2010.
© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2010.

ISBN 978-601-225-151-7

Бұл еңбекті немесе келесі оның бөліктерін автордың келісімінсіз таратуға және авторлық құқық жөніндегі нормаларға қайшы келетін басқа да әрекеттерге тыйым салынады әрі заң бойынша жазаланады.

Алғы сөз

Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына көшуге байланысты қазіргі кезде Қазақстанда бухгалтерлік есепте түбегейлі реформалық өзгерістер болып жатыр. Қоғамдағы өндірістік қатынастар мен экономика ғылымының алдына нарықтық экономиканың дамуы жаңа міндеттер қояды.

Жеке шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірісін басқаруға жеке және заңды тұлғалар әр түрлі механизмдер арқылы қатысады. Инвестицияны, жарғылық капиталды қалыптастыруға, қаржы-несие қатынастарына және бос қаражаттарды өндірістің дамуына салу осындай қатынастардың бір түрі болып саналады.

Әр түрлі инвесторға, кредиторға, құрылтайшылар мен акционерлерге қаражат салынған кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық дамуын бақылау, қаражат салу үшін қаржылық жағдайын зерделеу негізгі міндет болып табылады.

Аудит – қаржылық есептіліктің нақты жасалуына және оның заңды нормативтік актілеріне сәйкес тексеру жүргізу арқылы тәуелсіз пікір білдіруі тиіс.

Болашақта әр экономист-маман аудит жүргізудің және аудиторлық пікірдің қалыптасуының теориялық және әдістемелік негізін білуі қажет.

Шар. 182928

КІРІСПЕ

Сыртқы бақылаушылардың қаржылық жағдайға талдау жасауы арқылы өндірістің тиімділігін анықтау және бағалау үшін аудит бастапқы мәліметтердің нақтылығын растайды. «Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті реттейтін құқықтар», «Аудиттің стандарттары мен аудиторлардың кәсіби этикасы», «Аудиторлық дәлелдеулер және аудитордың жұмыс құжаттары», «Мәнділік», «Аудиторлық тәуекелдік», «Клиенттің ішкі бақылау жүйесі», «Аудиторлық есеп» және тағы да басқалары «Аудит» пәнінің арнайы тақырыптарына жатады. Сонымен қатар «Аудит» пәні сатып алу кезеңінің, өндірістік, қаржылық қорытындыны қалыптастыру мен сату кезеңінің аудиті және т.б өндіріс үдерісі кезеңдерінің аудитін жүргізудің әдістемелік негізін меңгеруді қарастырады.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына көшу аудиттің күрделілігінің сапалық дәрежесін көтеріп, аудиторлардың аудиторлық стандарттарға сәйкес жоғары білікті маман болуын талап етеді.

Аудит – бұл біздің еліміздегі акционерлік қоғамдардың, серіктестіктердің және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін экономикалық талдаудың және қаржылық бақылаудың салыстырмалы түрдегі жаңа бағыты. Бұрын бақылау мен тексеру қызметі жүзеге асырылмаған деп айтуға болмайды. Алайда операциялық мазмұны жағынан бір-біріне жақын болса да, ревизия мен аудит екеуі бір ұғымды білдірмейді. Аудит – бақылаудың шығармашылық дамуы. Ол экономикалық бақылаудың нысандары мен түрлерін кемітпей, керісінше толықтырады.

Тұтастай алғанда аудитті және талдауды уақытында жүзеге асыру шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін қаржы-несие, материалдық-техникалық қамтамасыз етудің, өндірісті ұйымдастырудың тиімділігін және жоспардың баланстылығын арттыруға ықпалын тигізеді. Бүгінгі таңда бизнестің жағдайы мен дамуына субъектілердің өзі-

нен басқа мемлекеттік, қаржы, несие, ведомстволық, салық және басқа да органдар белсенді әсер етуі мүмкін. Бизнесті басқару жүйесін нарықтық экономиканың шаруашылық тетігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажет. Жалпы экономикалық жағдайдың тұрақтылығына қол жеткізбейінше, инфляция деңгейін төмендетпейінше, өндірісті ұйымдастыру мен қуаттылықты пайдалануды жақсартпайынша, шаруашылық жүргізуші субъектілердің жабдықтаушылық, өткізушілік және қаржылық қызметтерін жетілдірмейінше бизнесті оңтайлы жасау мүмкін емес [1].

Екінші бөлімдегі ірі халықаралық және отандық аудиторлық фирмалардың іс-тәжірибесін талдау көрсеткендей, қаржылық есептілік аудитінің үдерісі он шақты кезеңге бөлінеді. Нақты компанияларды тексеру ісін ұйымдастырудың тәртібі мен стратегиясы әр түрлі болғанымен, көптеген жағдайларда олар бірдей жүйемен жүргізіледі.

ТМД елдерінің озық тәжірибесін есепке ала отырып, қаржылық есептілік аудиті үдерісін төрт кезеңге бөлуге болады: ақпарат жинау, жоспарлау, аудитті жүзеге асыру мен есеп берудің мүмкіндігі.

Аудитордың назары қаржылық есептілік көрсеткіштерін терең зерттеуге, фирма басшылығы негізге алып жасаған тұжырымдарға бағытталуы керек. Қаржылық есептілікті аудиторлық тексеру барысында бухгалтерлік балансты, пайда мен зиян, ақша қаражаты қозғалыстары, капитал қозғалысы туралы есептерді жасаудың дұрыстығы, есеп саясаты жайлы ақпарат пен түсінікхаттың нақтылығы айқындалады.

Аудиторлық тексерудің нәтижесінде бухгалтерлік есептегі ең маңызды кемшіліктер бастапқы құжаттарды рәсімдеу мен өңдеуден, белгіленген стандарттар мен ережелерді бұрмалаудан, есеп тіркелімдерін дұрыс жүргізеуден туындайтыны айғақталды.

Халықаралық іс-тәжірибе көрсеткендей, егер тексеру сегменттері ретінде шаруашылық операциялар атқарған кезде пайда болған шаруашылық операциялардың циклі деп аталатын есептің жеке объектілері арасындағы өзара байланысты бөлсе, аудиторлық тексеруді жүргізу барысы оңтайлы болады [3].

Бұл оқулық экономикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Аудит» пәнінің типтік бағдарламасына сәйкес жазылған.

1

тақырып

АУДИТТИҢ МӘНІ, МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Америкалық бухгалтерлер ассоциациясы комитеті бухгалтерлік есептің негізгі тұжырымдамасы бойынша (AAA) аудитке мынадай анықтама берді: «Аудит – бұл экономикалық іс-әрекеттер мен оқиғалар туралы объективті деректердің бағалауын, оның деңгейінің белгілі бір өлшемге (критерийге) сәйкестігін алудың және мүдделі пайдаланушылардың нәтижелерін ұсынатын үдеріс».

Классикалық ұғымда аудит – кәсіпорында жұмыс істемейтін маманданған тәуелсіз аудитор жүзеге асыратын ешкімге тәуелсіз сырттай қаржылық бақылау.

Мұндай кәсіби бақылау аудитке деген қажеттілік көптеген жағдайларға байланысты артып отыр:

1. Кәсіпкерліктің дамуы мен капитал өсуінің әсері.
2. Өзін-өзі реттеуге ұмтылатын ұйымдар санының арта түсуі.
3. Экономикалық тұрақтылықты, меншік иеленушілерге және кредиторларға олардың салған ақшаларының сақтауына кепілдік беруді қамтамасыз ететін жағдай тудырудың қажеттілігі.
4. Компаниялардың операциясы көп әрі күрделі болуы мүмкін. Пайдаланушылар ол туралы ақпаратты дербес алуға мүмкіндігі болмағандықтан аудиторлардың қызметіне мұқтаж.
5. Қаржылық ақпаратты пайдаланушылар компанияның есептік жазбаларына әдетте қолдары жете бермейді және олардың тиісті тәжірибелері жиі бола бермейді.

6. Пайдаланушылар қабылдайтын шешімнің салдары өздері үшін өте маңызды болуы мүмкін, сондықтан да аудитор арқылы алатын ақпараттың толық болуы мен анықтығы оларға ауадай қажет.

Аудит – бұл біздің еліміздегі акционерлік қоғамдардың, серіктестіктердің және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін экономикалық талдаудың және қаржылық бақылаудың салыстырмалы түрдегі жаңа бағыты. Бұрын бақылау мен тексеру қызметі жүзеге асырылмаған деп айтуға болмайды. Алайда операциялық мазмұны жағынан бір-біріне жақын болса да, ревизия мен аудит екеуі бір ұғымды білдірмейді.

Аудит – бақылаудың шығармашылық дамуы. Ол экономикалық бақылаудың формалары мен түрлерін кемітпей, керісінше толықтырады [3].

Аудиторлық іс экономикалық талдау, кешенді құжаттық тексеру, балансты немесе сот-бухгалтерлік сараптаманы есеппен тексеру туралы біздің ұғымымыздан бөлек болса да, аудитор өзінің міндетін жүзеге асыру барысында аталғандардың және есептік, бақылаушы талдамалы тәжірибе салаларының рәсімдерін пайдаланады. Белгілі ғалым Х.В. Соколовтың айтуынша, тексерудің мақсаты – кемшіліктерді құрту және жамандықты жою, ал аудиттің мақсаты – кемшіліктерді кеміту және жамандықты шектеу.

Әкімшілік құқығы бар және сатылас байланысты ұстанатын тексерушіні клиент өз қалауымен таңдамайды. Керісінше, аудиторды клиент өз қалауымен таңдайды және олардың арасындағы қарым-қатынас деңгейлес байланысқа жол ашатын азаматтық құқықпен реттеледі.

Тексеру және бақылау түсініктеріне қарағанда, аудит ұғымының аясы кең, өйткені бұл ұғым қаржылық көрсеткіштердің шындыққа жанасымдылығын тексеруді ғана білдірмей, ғылыми негізде шығындарды ұтымды ету мен табысты оңтайландыру үшін шаруашылық қызметті жақсарту бойынша ұсыныстарды әзірлеу ісін де қамтиды. Аудитке келісімшарт негізінде жүзеге асырылатын, оның ішінде, бухгалтерлік есеп, ішкі бақылау және қаржылық есептілікті жасау жағдайын тексеретін, кеңес беретін бизнес сараптамасының өзінше бір түрі ретінде анықтама беруге болады.

Бизнес аудитін жүргізу үшін белгілі бір салалар мен компаниялар іс-әрекетінің жағдайы туралы шындыққа жанасымды ақпарат алудың ауқымды мәселелерін жан-жақты зерделеу қажет [4].

Мемлекеттің, аймақтың экономикалық жағдайы, белгілі бір салалар мен шаруашылық жүргізуші субъектілер іс-әрекетінің жағдайы туралы мәліметтерді алу бірқатар әдістемелік тәсілдемелер мен нұсқалар бойынша «Бизнесті білу» 310 Халықаралық аудит стандартында ашып көрсетілген. Осы арада бизнес аудитін озық ұйымдастыруды жетілдірумен байланысты теориялық және іс-тәжірибе сипаттарындағы бірқатар мәселелер пайда болады.

Тұтастай алғанда аудитті және талдауды уақытылы жүзеге асыру шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін қаржы-несие, материалдық-техникалық қамтамасыз етудің, өндірісті ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға ықпалын тигізеді. Бүгінгі таңда бизнестің жағдайы мен дамуына субъектілердің өзінен басқа мемлекеттік, қаржы, несие, ведомстволық, салық және басқа да органдар белсенді әсер етуі мүмкін.

Бизнесті басқару жүйесін нарықтық экономиканың шаруашылық тетігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажет.

Нарықтық экономика жағдайындағы бизнестің кәсіби аудитін дамыту мәселесінің көп қырлы болуы мына аспектілерді зерделеу үшін бөліп көрсетуге мүмкіндік тудырады:

1. *Теориялық:* кәсіби аудиттің мәнін, мазмұнын және түрін, оның бақылаушы-талдамалық қызметінің басқа да шектес ғылымдармен және салалармен өзара байланысын анықтау; аудиттің нұсқаларын, түрлерін және типтерін ғылыми жіктеу; аудиттің даму тенденциясын, тетіктерін, мәселелерін зерттеу; бизнес аудиті мен таңдауының принциптері мен компоненттерін, постулаттарын нақтылай түсу, тұжырымдамасын әзірлеу.
2. *Әдіснамалық:* аудиттің жалпы және жеке әдістемелерін анықтау, бизнес жағдайын талдау, көрсеткіштер жүйесін, өлшемдерін, әдістерін таңдау, экономикалық әлеуетті пайдалану тиімділігіне әсер ететін факторларды анықтау және

шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін жақсарту бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

3. *Ұйымдастырушылық:* бизнес аудитін жүргізу мен жоспарлау механизмдерінің құқықтық-нормативтік және ақпараттық базаларының мағынасын ашу; аудиторлық бақылаушы-талдамалық қызметтердің технологиясы мен нақты рәсімін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу [5].

Бизнестің кәсіби аудит мәселесін зерттеу аспектілерінің жалпы шарттарына жататындар:

- бизнесті басқарумен байланысты шаруашылық операциялары мен үдерістерінің аудитін жүргізу үшін алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу;
- шаруашылық қызмет нәтижелерін бақылаудың, талдаудың және есептеудің озық әдістерін анықтау;
- қаржылық-экономикалық талдау мен аудиттің озық түрлерін қолданатын салаларды ұлғайту әрі оған енгізу;
- бақылаушы-талдамалық жұмыстарды жақсарту бойынша халықаралық озық іс-тәжірибелерді жалпылау;
- бизнестің кәсіби аудитін жүргізудің техникасы мен технологиясын, ұйымдық құрылымын жетілдіру;
- бастапқы мәліметтерді алу мен өңдеуде ЭЕМ-ді және экономикалық-математикалық әдістерді қолдану, шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметін басқару жүйесін оңтайландыру.

Кәсіби аудиттің даму проблемалары мен осы аспектілердің өзара тығыз байланыстарын мұқият зерделеу ұлттық экономиканың нақты секторындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің жабдықтаушылық, өндірістік, қаржылық және өткізушілік қызметтерінде болатын оқиғалар мен үдерістердің ерекшеліктерін ескеру арқылы оның ұйымдастырылуын жетілдіру бойынша ұсыныстарды жасау мен әзірлеуді тереңдетіп зерттеудің әдістемелік негізіне қызмет етеді [7].

Нарықтық экономика жағдайында тек белгіленген параметрлердің сәйкесетіндігін тексеру ғана емес, сонымен қатар шаруа-

шылық жүргізуші субъектілердің қызметтерін жақсарту бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуді, оларға кеңес беруді және басқадай жоғары кәсіби деңгейде тиісті аудиторлық қызмет көрсетуді талап етеді [8].

Audit термині латынның «audio» – «тыңдап тұр» деген сөзінен шыққан.

1. Кейбір мемлекеттердегі аудиттің даму жолдарының тарихы

Мемлекет	Мерзімі	Түсіндірме
1	2	3
Қытай	Біздің заманымызға дейін 700 ж.	Тарихи деректерге сүйенсек, Қытайда әлемдегі ең алғашқы аудиторлық жүйе құрылған. Бұл мемлекетте «Бас аудитор» мәнсабы бекітілді.
	1982 ж.	Жаңа конституция жарияланды. Бұл конституция негізінде мемлекеттің аудиторлық әкімшілігі құрылды.
Ұлыбритания	XVI-XIX ғасырлар	Аудиттің дамуына экономикалық түрлендірілген және де кәсіпорын басқарушылары (акционерлер, меншік иелері, инвесторлар) көзқарастарының өзгеруі әсері етті.
	1844 ж.	Акционерлік қоғам туралы заңның қабылдануына байланысты кәсіпорын басшылары жыл сайын акционерлердің алдында аудитордың тәуелсіз есебі арқылы есеп беруге міндетті болды.
	1862 ж.	Барлық акционерлік қоғамдар міндетті түрде аудиттелуге тиіс болды.
	1879 ж.	Жыл сайынғы міндетті аудит тексеруін өткізуге енді барлық коммерциялық банктер де жұмылдырылды.

1-кестенің жалғасы

1	2	3
Франция	1867 ж.	Аудит қызметі туралы заң қабылданды. Бұл заң бойынша 2 түрлі тәуелсіз қаржылық бақылау жүргізіледі. Олар бухгалтер-эксперттер және шоттар бойынша комиссиялар. Олардың айырмашылығы – біріншілер шақырылады, ал екіншілер тағайындалады. Комиссиялардың қызметі үкімет тарапынан бақыланады. Ал бухгалтер-эксперттер сырттан шақырылып, олар шот жоспарын, бухгалтерлік есепті, ішкі бақылауды жүргізуге көмектеседі және басқа да қызметтер көрсетеді.
Германия	1870 ж.	Акционерлік қоғам туралы заңға толықтырулар енгізілді. Олар бақылайтын кеңестерге акционерлік қоғамдардың тапқан таза табыстарының болуы туралы есеп беруге, қаржы құжаттарын тексеріп, оны акционерлік қоғамның жалпы жиналысына талқыға салуға міндетті болды.
	1931 ж.	Ішкі ревизордың жүргізген тексерулерінің нәтижесінде көптеген акционерлік қоғамдар банкротқа ұшырағаннан кейін, Германия ішкі аудит туралы заңдарына өзгерістер енгізді. Бұл заң бойынша енді аудитті сыртқы аудиторлар жүргізетін болды. Енді аудит жүргізу барлық ірі акционерлік қоғамдарға міндетті болды.
АҚШ	1996 ж.	Заң түрінде аудитор қызметі реттелді. Бұл заң бойынша Нью-Йорктегі университетте емтихан тапсырған және аудитор қызметімен айналысуға лицензиясы бар әрбір бухгалтер аудитор бола алады.
	1932 ж.	Бағалы қағаздардың дұрыстығы туралы акт қабылданды. Бұл акт бойынша енді акциялар мен облигациялар шығаратын жеке меншік компанияларға аудит жүргізілетін болды.

1-кестенің соңы

1	2	3
	1948 ж.	Америкалық бухгалтерлер институты жалпы аудит стандарттарын бекітті.
Халықаралық статус Штаб-пәтері Нью-Йоркта (АҚШ)	1977 ж.	Халықаралық бухгалтерлер федерациясы құрылып (IFAC), аудиторлық тәжірибе жөніндегі халықаралық комитет жұмыс істеді. Бұл комитет Халықаралық аудит стандарттарын әзірлеумен айналысатын болды.
	1995 ж.	Халықаралық бухгалтерлік ассоциация (IFAC) құрылды. Осының негізінде Халықаралық аудиторлық комитет жұмыс (IAPC) істейді. Бұл комитет аудиттің халықаралық стандарттарын дайындайды.
Қазақстан Республикасы	1993 жылы 18 қазанда	Республикадағы аудиторлық қызметті реттеу негізінде «Аудиторлық қызмет туралы» бірінші Заң қабылданды.
	1998 жылы 20 қазанда	Аудиторлық қызметтің тәуелсіздігін дәлелдейтін «Аудиторлық қызмет туралы» жаңа Заң қабылданды.
	2000 жылы наурызда	Аудиторлардың республикалық конференциясында аудиторлық қызметтің халықаралық стандарттарын ұлттық қызмет ретінде қолдану көзделді.

АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Германия және Франция сияқты нарықтық экономикасы алдыңғы қатарлы елдердегі аудиторлық қызмет дамуының озық тәжірибесі көрсеткендей, кеңес берушілік, зерттеушілік және басқа ілеспе қызметтер мөлшерінің өсуі қарқын алып келеді. Аса ірі халықаралық аудиторлық фирмалардың, оның ішіне «үлкен төрттік» те кіреді, өз «ассортименттерінде» кәсіби аудиторлық қызмет көрсетудің және әр қилы көмек түрлерінің 50-ден астам атауы бар.

Аудиторлық кеңес беру қызметінің әлемдік нарығы үлкен өзгерістерге ұшырауы әбден ықтимал. Көптеген елдерде «үлкен төрттік» қызметі ауқымының кеңейгеніне және «күшеюіне» нара-

зылық аңғарылады. Батыстық іскер топтардың пікірінше, аса ірі халықаралық фирмалардың қызметін шоғырландыру, оларды одан ары біріктіру немесе бөлу нәтижесінде аудиторлық қызметтің сапасы төмендемесе, артпайды екен. Аудит саласындағы оқиғаларды дамытатын басқа нұсқалардың ішінен әлемдік ауқымда аудиторлық және консалтингтік бизнестің бөлінуі, растаушы аудиттің, сәйкесінше аудит пен қаржылық есептілік аудиті көлемдерінің кемуі ықтимал екенін айта кету керек.

Экономикалық әдебиеттерде аудиттің түрлері мен нұсқаларын жіктеудің әр түрлі тәсілдемелері бар. Мынадай негізгі белгілер бойынша аудит түрлерін жіктеу әлдеқайда орнықты болады:

- 1) аудитті дамытудың эволюциялық кезеңдерімен: растаушы, жүйелі-бағдарлы және тәуекелге негізделген;
- 2) құқықтық негізде: міндетті, бастамашыл;
- 3) қолданылу салаларымен: жалпы, банктік, сақтандыру, қаржылық, өндірістік, маркетингтік;

2. Аудит түрлерін жіктеудің белгілері

Аудит түрлерін жіктеудің белгілері				
Даму сатысы	Құқықтық негізі	Қолданылу саласы	Жүргізу кезеңділігі	Жүргізу субъектілері
1. Растаушы	1. Міндетті	1. Жалпы	1. Бастапқы	1. Сыртқы
2. Жүйелі-бағдарлы	2. Бастамашыл (ерікті)	2. Банктік	2. Қайталанатын	2. Ішкі
3. Тәуекелге негізделген		3. Сақтандыру 4. Қаржылық 5. Өндірістік 6. Маркетингтік	3. Реттемелі	

- 4) жүргізу кезеңдерімен: бастапқы, қайталанатын, реттемелі;
- 5) аудит жүргізетін субъектілермен: сыртқы, ішкі;
- 6) тексерулердің мақсаттарымен: операциялық аудит, қаржылық есептілік аудиті, талапқа сәйкестік аудиті, басқару-

шылық аудит, маркетингтік аудит, кеңес беру және басқадай ілеспелі аудиторлық қызметтер.

Аудиторлық қызметтің ең озық түрлерінің біріне операциялық аудит жатады. Мұндай аудиттің кәсіби қызмет көрсетудің ең күрделі түрлерінің бірі әрі ұйымдастырылуы мен әдістерінде, кезеңдерінде оның өзіндік ерекшелігі болады.

Оның негізгі мақсаты – зерттеу объектілерінің жұмыс істеу тиімділігін арттыру және оңтайландыру бойынша басқарушылық шешімді қабылдау үшін жан-жақты негізделген ұсыныстарды әзірлеу.

Егер бухгалтер қаржылық есептіліктегі шаруашылық өмірдің фактілеріне, бастапқы құжаттарға жүгінетін болса, онда аудитор, керісінше, қаржылық есептіліктен бастап нақты операцияларға дейін тексереді және өзі тексерген қызмет операцияларына операциялық аудит жүргізудің тұжырымдамалық мақсаттарын айтады.

Қорыта келгенде *аудит* – бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілікті жасау және өзге де ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатымен тексеру.

Халықаралық жағдайда аудиттің ішкі және сыртқы болып бөлуінің өз ерекшеліктері бар.

Ішкі аудит – ол ұжымның өз ішкі шаруашылық мүмкіндіктерін анықтау үшін ұжым басшыларының қалауы бойынша жүргізілетін аудит.

Ішкі аудитті кәсіпорынның бухгалтерлік есеп қызметкерлері жүргізеді.

Ішкі аудит – көбінесе шағын және ірі өндіріс, құрылыс, транспорт, байланыс сияқты басқару жүйесінің күрделі құрылымдарда кең орын алған.

Аудиттің бұл түрінің кең тарауы аудиторлардың кәсіпорындардың ішкі қадағалау ұйымдарына назар аударуынан туындайды.

Жиірек жүргізілетін ішкі аудит кәсіпорын бухгалтериясының дұрыс жұмыс істеуі мен бухгалтерлік есептің уақытылы өтуіне септігін тигізеді.

Кәсіпорындағы ішкі аудит қызметінің болуы, сыртқы аудит қызметіне кәсіпорынның бухгалтерлік қызметінің дұрыстығы туралы кепілдеме есептер болады.

«Акционерлік қоғамдар» туралы жарғысы бойынша кәсіпорында кемінде 3 адамнан құрылған аудиторлық қызмет болады. Бұл қызмет кәсіпорынның директорлар кеңесі алдында есеп береді, кей жағдайда кәсіпорынның директорлар кеңесі қажет болғанда ішкі аудит қызметкерлерінің алдында есеп беруге міндетті.

Сыртқы аудит қызметі – тәуелсіз аудитор немесе аудиторлық фирма қызметкерлерінің, кәсіпорын басшылығының келісімімен жүргізіледі. Ол кәсіпорын басшыларының ұсынысы бойынша кәсіпорындағы қаржылық есептіліктің дұрыстығын толық анықтауы керек.

Аудит пәні – заңды тұлғалардың қаржылық есептілікке оның дұрыстығы мен әділдігі туралы пікір білдіру мақсатында, заңмен белгіленген талаптарға сай тексеру, талдау жүргізу, ҚР



1-сурет. Аудит функциялары

заңнамаларында көрсетілген консультативтік және басқа да қызмет түрлерін ашып көрсету.


Аудиттің объектісі – кәсіпорынның қаржылық-өндірістік қызметі мен қаржы-экономикалық қызметі болып табылады.

Аудит функциялары – кәсіпкерлік қызмет көрсету ретінде эксперттік, талдамалық, кеңес берушілік және өндірістік болып бөлінеді.

Аудиттің бұл функцияларының өздеріне тән ерекшеліктері бар. Эксперттік функцияның негізгі міндеті – қаржылық есептілікке аудиторлық есеп жүргізу болса, талдамалық функция талдау жасауды, кеңес берушілік функция эксперттік бизнес бағдарлама беруді, ал өндірістік функция операциялық аудит жүргізумен қатар, бухгалтерлік есепті қалпына келтіруді қарастырады.

Аудиттің ең негізгі бағдарламасының бірі – қаржылық есептілікке эксперттік қорытынды жасау болғандықтан, қаржылық есептіліктің түрлерін толық қарастыруымыз керек.

Заңды тұлғалардың қаржылық есептілігі төрт нысаннан тұрады (2-сурет).



2-сурет. Қаржылық есептілік нысандары

1-нысан – баланс немесе субъект мүліктерінің орналасуы мен олардың қаржы көздеріне тепе-теңдігі;

2-нысан – пайда және зиян туралы есеп;

3-нысан – ақша қаражаты қозғалыстары туралы есеп (операциялық немесе негізгі, инвестициялық, қаржылық);

4-нысан – капитал қозғалысы туралы есеп (жарғылық капитал мен бөлінбеген таза пайда қосындысы және т.б.);

5-қосымша – түсінікхат;

6-қосымша – міндетті аудит жүргізетін субъектілерге он аудиторлық есеп.

Аудитордың міндеті – ұйымның қаржылық есептілігінің дұрыстығын және есептің белгіленген ережелеріне сәйкес келетінін растайтын кәсіби аудиторлық есеп жүргізу, ол аудиттің стандарттарына сәйкес болуы тиіс.

Аудиторлық жұмыста талдамалық және эксперттік болжам қызметіне үлкен мән беріледі, ол тапсырыс берушілерге өздерінің іскерлік саясатының тиімді стратегиясы мен тактикасын жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында 1998 жылдың 20 қарашасынан бастап жаңа «Аудиторлық қызмет туралы» Заң күшіне енді. Ол аудиторлық қызметті жүзеге асыру барысында мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар, аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар арасында туындайтын қатынастарды реттейді.

Аудиторлық қызмет – бұл қаржылық есептілік пен басқа да ақпараттық аудитті жүргізу және қызмет бейімі бойынша өзге де қызметтер ұсыну жөніндегі кәсіпкерлік қызмет. Аудиторлық ұйымдар, аудитке қоса, өз әрекетінің бейімі бойынша өзге де қызметтер көрсете алады.

Аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар. Оқытушылық, ғылыми және өзге де қызметті қоспағанда, аудиторларға кәсіпкерлік қызметтің басқа түрлерімен айналысуға тыйым салынады.

Аудиторлық қызметтің негізгі қағидаларына мыналар жатады:

- тәуелсіздік;
- объективтілік;
- кәсіби біліктілік;
- құпиялық.

